

Адамзатқа ортақ құндылықтардың бірі – дін

18 қазан Рухани келісім күніне орай, аудандық кітапханада Мәдениет және мектепке дейінгі оқыту қызметкерлері ауданның бас имамымен кездесу өткізді. Аталмыш жиында аудандық Тоқа Байғозықажы мешітінің бас имамы Жоламан Яхияев, Бүкіл адамзатқа ортақ құндылықтардың бірі – дін. Дін рухани байлық пен ізгіліктің, татулықтың, сабырлықтың, төзімділіктің барша жақсылық атаулының бастау жолы, – деп айтып өтті.

Қазіргі таңда ауданымызда 56 -дан астам ұлт пен ұлыс өкілдері тату-тәтті тұрып жатыр. Олардың бәрі бір мақсат пен ортақ мүддеге бірігіп, топтасып, ауызбіршілігін күшейтіп отыр.

Өзара ынтымақ пен татулыққа, сүйіспеншілік пен қолғабыс көрсетуге шақырған, бөлінушілік пен дұшпандықтан сақтандыратын маңызды уағызда қамтылған Құран мен Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадистері мұның айқын дәлелі болды.

Аудандық Ішкі саясат бөлімінің ұйымдастыруымен өткен шараға аудандық ардагерлер алқасы, ҮЕҰ өкілдері, жастар, БАҚ өкілдері қатысты.

С. ЖАНАРСТАНОВА,
кітапханашы